



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ
И МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО

BULLETIN

INTERNATIONAL RELATIONS AND
INTERNATIONAL LAW SERIES

3(71) 2015



ХАБАРШЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ СЕРИЯСЫ №3 (71)

ISSN 1563-0285
Индекс 75873; 25873



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Қуәлік №956-Ж.

Журнал саяси, философиялық ғылымдар және мәдениеттану бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғары Аттестациялық Комитетімен ұсынылған // Докторлық диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғары Аттестациялық Комитетімен ұсынылған ғылыми басылымдардың тізімі кіреді //ЖАК бюллетені, №3 1998; Нормативтік және методикалық материалдарын жариялайтын ғылыми басылымдар тізімі Қазақстан ЖАК төрағасының бұйрығы 26. 06. 2003, №433-3 //Нормативтік және методикалық материалдар жинағы №6 ЖАК

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Балаубаева Б.М.,

т.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Телефон: +77011839459

E-mail: binur77@mail.ru

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Мұтанов Ғ.М., бас редактор (Қазақстан)

Рамазанов Т.С., бас редактордың орынбасары (Қазақстан)

Шакиров К.Н., з.ғ.д., профессор – ғылыми редактор (Қазақстан)

Губайдуллина М.Ш., т.ғ.д., профессор – ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)

Айдарбаев С.Ж., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Алессандро Грасси Буни, профессор Ла Сапиенза университеті (Италия)

Ауған М.Ә., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Байзақова Қ.Е., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Барбара Януш-Павлегга, т.ғ.д., PhD, ассистент-профессор (Германия)

Беага Эшмент, саяс.ғ.д., ассистент-профессор, Бремен университеті, Берлиндегі «Орталық Азиялық зерттеулер» атты неміс журналының бас редакторы (Германия)

Варико К., профессор, Дж.Неру университеті (Үндістан)

Грегори Глиссен, саяс.ғ.д., профессор Нью-Мехико университеті (АҚШ)

Елемесов Р.Е., э.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Ибраһев Ж.У., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Кукеева Ф.Т., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Макашева К.Н., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Машимбаева Г.А., з.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Мусабекова У.Е., ф.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Николас де Педро Домингуэз, профессор ассистенті Барселона институты (Испания)

Сабикенов С.Н., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Сәлімгерей А.А., з.ғ.к., доцент, Мемлекет және құқық институты (Қазақстан)

Шабаль П. PhD, профессор (Франция)

КАЗАК
УНИВЕРСИТЕТИ
Б А С П А У Й І

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гульмира Шаккозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гульмира Бекбердиева, Еркін Жайнақов

Компьютерде беттеген:

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Молдір Өміртайқызы

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ № 8571

Басуға 20.09.2015 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 14.5 б.т. Оффсетті қағаз.

Сандық басылыс. Тапсырыс №2859. Таралымы 500 дана.

Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

**ЕУРАЗИЯЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ОДАҚ СОТЫ
ҚҰҚЫҚТЫҚ
МӘРТЕБЕСІНІҢ
НОРМАТИВТІК
НЕГІЗДЕРІ**

Кіріспе

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Одақтың тұрақты әрекет ететін сот органы ретінде 29 мамыр 2014 жылғы Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы Шартқа (бұдан әрі – ЕАЭО Шарты) сәйкес құрылды [1].

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың айтуынша, бұл Шартқа қол қою еуразиялық кеңістіктегі интеграцияның дамуындағы жаңа сатының белгісі. Елбасының бағалауынша, Шарт салмақты, сауатты, барлық қатысушы мемлекеттердің мүдделерін ескеретін құжат болып шықты, кейбір даулы мәселелердің болуына қарамастан қол жеткізілген ымыра барлық тараптарды қанағаттандырды [2].

Соттың мәртебесі, құрамы, қызмет ету және қалыптасу тәртібі Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Статутымен анықталады [3]. Соттың орналасқан жері Минск қаласы деп белгіленді.

Мемлекет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 23 желтоқсан 2014 жылғы №103 шешімімен Беларусь және Қазақстан Республикалары мен Ресей Федерациясынан Одақ Сотының судьялары қызметіне: Баишев Жолымбет Нурахметович; Колос Денис Георгиевич; Нешатаева Татьяна николаевна; Сейтимова Венера Хамитовна; Федорцов Александр Адамович; Чайка Константин Леонтьевич тағайындалды [4].

Мемлекет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 23 желтоқсан 2014 жылғы №104 Одақ Соттың төрағасы болып Федорцов Александр Адамович, ал оның орынбасары болып – Баишев Жолымбет Нурахметович бекітілді [4].

Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы 2014 жылы 10 қазанда қол қойылған Шарт 2015 жылы 2 қаңтарда күшіне енді. Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2015 жылғы 2 қаңтардағы №3 шешімімен Армения Республикасы атынан Одақ Соты судьялары қызметіне Айриян Эрнэ Владимировна және Туманян Армен Эдуардович тағайындалды [4].

Негізгі бөлім

2014 жылдың 29 мамырындағы Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы Шарт 2015 жылы 1 қаңтарда күшіне енді. Осы Шарттың III бөлімі Одақ органдарына арналған, осы органдар қатарына жататындар (8 баптың 1 тармағы):

1) Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес (бұдан әрі – Жоғары кеңес);

2) Еуразиялық үкіметаралық кеңес (бұдан әрі – Үкіметаралық кеңес);

3) Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия, ЕЭК);

4) Еуразиялық экономикалық одақ соты (бұдан әрі – Одақ Соты).

Одақ органдары ЕАЭО туралы Шартпен және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен берілген өкілеттіктер шегінде ғана әрекет етеді (8 баптың 2 тармағы).

Одақ органдары, олардың ішінде Одақ Соты да, ЕАЭО туралы Шарттың 3 бабында көрсетілген қағидалар негізінде қызмет етеді. Шарттың 3 бабында Одақ өз қызметін ЕАЭО туралы Шартқа сәйкес мүше-мемлекеттермен берілген құзырет шегінде келесі қағидалар негізінде атқарады делінген, ол қағидалар:

1) мүше-мемлекеттердің егеменді теңдігі мен олардың аумақтық тұтастығы қағидаларын қоса алғанда халықаралық құқықтың жалпы табылған қағидаларын құрметтеу;

2) мүше-мемлекеттердің саяси құрылысындағы ерекшеліктерді құрметтеу;

3) өзара пайдалы ынтымақтастықты, Тараптардың тең құқықтығы мен ұлттық мүдделерінің ескерілуін қамтамасыз ету;

4) нарықтық экономика мен оң пиғылды бәсекелестік қағидаларын сақтау;

5) өтпелі кезеңдердің аяқталғанынан кейін кеден одағының шектеулерсіз және айрықша ережелерсіз қызмет етуі.

Шарттың 3 бабының 2 тармағында белгіленген «мүше-мемлекеттер Одақтың өз қызметтерін атқаруға жағымды жағдай туғызады және Одақтың өз мақсаттарына жетуіне қатер туғыза алатын шаралардан тартынады» деген норманы, біздің ойымызша, Одақтың қызмет етуінің қағидасы ретінде қарастыруға болады.

Мұндай жағдайда Одақтың қызмет етуінің негізгі қағидаларының саны алтауға дейін жетеді.

«Одақ Соты» деп аталатын ЕАЭО туралы Шарттың 19 бабы Одақ Соты Одақтың тұрақты әрекет ететін сот органы болып табылады, ал оның мәртебесі, құрамы, құзыреті, қызмет ету және қалыптастыру тәртібі ЕАЭО туралы Шарт-

тың №2 Қосымшасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Статутымен анықталады деп белгілейді (1-2 тармақтар).

19 баптың 3 тармағында Одақ Сотының орналасатын жері Минск қаласы (Беларусь Республикасы) деп көрсетілген.

Одақ Сотының қызметі үшін «Одақ құқығы» деп аталатын 6 баптың маңызы зор. «Одақ құқығының» құрамына келесі актілер кіргізілген (1 тармақ):

1) ЕАЭО туралы Шарт;

2) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар;

3) Одақтың үшінші тараптармен жасалған халықаралық шарттары;

4) Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссияның ЕАЭО туралы Шарт пен Одақ шеңберінде көзделген өкілеттіктер шегіндегі шешімдері мен ұйғарымдары.

Атап өтілген халықаралық-құқықтық актілер Одақ Сотының өз қызметінде қолдануға тиіс құқықтық базасы болып табылады.

6 баптың 1 тармағында «Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес пен Еуразиялық үкіметаралық кеңестің шешімдері мүше-мемлекеттердің ұлттық заңнамаларымен көзделген тәртіпте орындалуы тиіс» деп белгіленген.

Аталған норма Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдеріне қатысты мәселені үндестен айналып өтетіндігі назар аудартады. 6 баптың 1 тармағына сүйенсек Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдері мүше-мемлекеттер тарапынан өзге тәртіппен орындалуы тиіс болып шығады, яғни олардың жүзеге асырылу тәртібі ұлттық заңнамалармен көзделмейтін болғаны.

Бұл мәселені айқындап алу үшін Еуразиялық экономикалық комиссия туралы Ереженің 13 тармағына сүйенгеніміз жөн. Бұл тармақ аталған органмен қабылданатын актілердің үш түрін анықтайды [5]:

1) нормативті-құқықтық сипаты бар және мүше-мемлекеттер үшін міндетті болып табылатын шешімдер;

2) ұйымдық-ұйғарымдық сипатқа ие ұйғарымдар;

3) міндетті сипаты жоқ ұсыныстар.

Ереженің 13 тармағының мазмұнында Комиссия шешімдері (Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдері) Одақ құқығының құрамына кіретіндігі және мүше-мемлекеттер аумағында тікелей қолданылатындығы басып көрсетілген.

Сонымен, Еуразиялық экономикалық комиссия шешімдері Одаққа мүше-мемлекеттердің аумағында тікелей қолданылуға жататын, ЕАЭО-ның жалғыз жоғары органы болып табылады.

Сонымен қатар, ЕАЭО туралы Шарттың 6 бабы қайнар көздер тізімін берумен ғана шектелмейді, бұл бап құқықтық күшіне сәйкес Одақ құқығын құрайтын актілердің иерархиясын белгілейді. Бұл иерархияны былайша көрсетуге болады (6 баптың 3-4 тармақтары):

- 1) ЕАЭО туралы Шарт;
- 2) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар;
- 3) Одақтың үшінші тараптармен жасалған халықаралық шарттары;
- 4) Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімдері мен ұйғарымдары;
- 5) Еуразиялық үкіметаралық кеңестің шешімдері мен ұйғарымдары;
- 6) Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдері мен ұйғарымдары.

Әртүрлі деңгейдегі актілер арасында қақтығыс пайда болған жағдайларда, жоғарырақ деңгейдегі акті төменірек деңгейдегі акті алдында басымдыққа ие болады.

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының құқықтық мәртебесі негіздерін анықтайтын бірқатар нормативтік ережелер Сот Статутында мазмұндалған, бұл Статуттың бірінші тарауы аталған органның жалпы ережелері мен құқықтық мәртебесіне арналған.

Мәселен, ЕАЭО туралы Шарт пен Статутқа сәйкес қалыптастырылатын әрі тұрақты әрекет ететін Еуразиялық экономикалық одақтың сот органы ретінде Одақ Сотының мақсаты: Статут ережелеріне сәйкес мүше-мемлекеттермен және Одақ органдарымен ЕАЭО туралы Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың, Одақтың үшінші тараптармен жасалған халықаралық шарттарының және Одақ органдары шешімдерінің біркелкі орындалуын қамтамасыз ету. Статут мақсатында Одақ органдары ретінде Сотты есептегенде Одақтың басқа органдары түсініледі (Статуттың 1-2 тармақтары).

Сот заңды тұлғаға тән барлық құқықтарға ие болады, өз құжаттамасын жүргізеді, өз атауы көрсетілген мөр мен бланкілерге ие болады, өзінің ресми интернет-сайты мен ресми бюллетенін құрады, Одақ бюджеті туралы Ережеге сәйкес Сот қызметін қаржыландыруға қатысты ұсыныстар дайындайды және Сот қызметін қамтамасыз етуге бөлінген қаржы-қаражатты жұмсайды (Статуттың 3-5 тармақтары).

Судьялардың, Сот қызметкерлері мен лауазымды адамдарының еңбесіне алу шарттары

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңеспен белгіленеді (Статуттың 6 бабы).

ЕАЭО Соты құқықтық мәртебесінің мазмұнын «Сот құзыреті» деп аталатын Статуттың IV тарауын қараусыз түсіну қиын болады деп есептейміз (Статуттың 39-51 тармақтары).

Статуттың 39 тармағына сәйкес Сот ЕАЭО туралы Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) Одақ органдарының шешімдерін жүзеге асыру мәселелері бойынша пайда болатын дауларды қарастырады:

1) мүше-мемлекеттің келесі мәселелер төңірегіндегі өтініші бойынша:

- Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттың немесе оның жекелеген ережелерінің ЕАЭО туралы Шартқа сәйкестігі туралы;

- басқа мүше-мемлекеттің (мүше-мемлекеттердің) ЕАЭО туралы Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) Одақ органдарының шешімдерін, сондай-ақ аталған халықаралық шарттардың және (немесе) шешімдердің жекелеген ережелерін сақтау туралы;

- ЕАЭО туралы Шартқа, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға және (немесе) Одақ органдарының шешімдеріне Комиссия шешімінің немесе оның жекелеген ережелерінің сәйкестігі туралы;

- Комиссияның әрекетін (әрекетсіздігін) даулау туралы;

2) шаруашылық субъектісінің келесі мәселелер төңірегіндегі өтініші бойынша¹:

- кәсіпкерлік немесе өзге де экономикалық қызмет аясындағы шаруашылық субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін тікелей қозғайтын Комиссия шешімінің әлде оның жекелеген ережелерінің ЕАЭО туралы Шартқа және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкестігі туралы, егер мұндай шешім не оның жекелеген ережелері ЕАЭО туралы Шартпен және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен берілген шаруашылық субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға алып келсе;

- кәсіпкерлік немесе өзге де экономикалық қызмет аясындағы шаруашылық субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін тікелей қозғайтын Комиссия әрекетін (әрекетсіздігін) даулау туралы, егер мұндай әрекет (әрекетсіздік)

¹ Статуттың 39 бабында Статут мақсатында шаруашылық субъектісі ретінде мүше-мемлекеттің не үшінші мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға немесе мүше-мемлекеттің не үшінші мемлекеттің заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға түсінілетіні арнайы түсіндірілген.

ЕАЭО туралы Шартпен және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен берілген шаруашылық субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға алып келсе.

Соттың қарауына берілуі ЕАЭО туралы Шартпен, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен, Одақтың үшінші тараппен әлде мүше-мемлекеттер арасындағы өзге де шарттармен қарастырылған өзге де дауларды мүше-мемлекеттер Соттың құзыретіне жатқыза алады.

Дауды шешу бойынша Соттың құзыретінің болуы жөніндегі мәселе Соттың өзімен шешіледі. Дауды қарастыру құзыретінің болуын анықтау кезінде Сот ЕАЭО туралы Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) Одақтың үшінші тараппен жасалған халықаралық шарттарын басшылыққа алады (Статуттың 40-41 тармақтары).

Сонымен, көрсетілген нормалар Сотта өтініш беруші (талапкер) ретінде ЕАЭО мүше-мемлекеттері де, осы мемлекеттердің немесе кез келген үшінші мемлекеттердің шаруашылық субъектілері де болуы мүмкін екендігін байқатады.

Осымен бірге, Статут бойынша Соттағы талап-арыздар бойынша жауапкер ретінде тек ЕАЭО мүше-мемлекеттері мен Еуразиялық экономикалық комиссия арқылы Еуразиялық экономикалық одақтың өзі ғана қарастырылуы мүмкін.

Статуттың 49 тармағына сәйкес мүше-мемлекеттің атынан дауды шешу жөніндегі арызбен немесе түсіндіру жөніндегі арызбен мүше-мемлекеттің уәкілетті органдары мен ұйымдары Сотқа жүгіне алады, ал мұндай уәкілетті органдар мен ұйымдардың тізімін әрбір мүше-мемлекет өзі айқындап, Сотқа дипломатиялық жолмен жолдайды.

Статут өзінің 42 бабында Одақ органдарына ЕАЭО туралы Шартпен және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен тікелей қарастырылған құзыреттіліктен бөлек қосымша құзырет беру Сот құзырына кірмейді деп нақты белгілеген.

Бұл ереже өз өкілеттіктері шегінен жиі шығып отырған және соның салдарынан қызметінің саясаттануына дейін барған Еуропалық Одақ Соты қызметінің тәжірибесін ескереді.

Статутта даулы мәселені міндетті түрде сотқа дейін реттеу тәртібі туралы ережелер белгіленген (Статуттың 43-44 тармақтары).

Мәселен, өтініш білдіруші мүше-мемлекетке немесе Комиссияға кеңесу, келіссөздер не ЕАЭО туралы Шартта және Одақ шеңберіндегі

халықаралық шарттармен козделген өзге де тәсілдер арқылы сотқа дейінгі тәртіпте мәселені реттеу үшін алдын-ала жүгінбесе, дау Соттың қарауына қабылданбайды. Бұл ереже ЕАЭО туралы Шартта басқа тәртіп тікелей козделмеген жағдайларда қолданылады.

Егер мүше-мемлекет немесе Комиссия өтініш білдірушінің өтініші түскен күннен бастап 3 ай ішінде мәселені сотқа дейінгі тәртіпте реттеу үшін шара қолданбаса дауды қарастыру туралы өтініш Сотқа жолдана алады. Дау тараптарының өзара келісуі бойынша көрсетілген үш айлық мерзімнің аяқталуына дейін де Соттың қарауына беріле алады.

Сонымен, дауды қарастырудың сотқа дейінгі сатысынан міндетті түрде өту Еуразиялық экономикалық одақ Сотының ерекшеліктерінің бірі деп есептеуге болады. Бұл ереже бірқатар халықаралық сот органдарының тәжірибесін ескеріп енгізілген. Дауды міндетті түрде сотқа дейінгі тәртіпте қарастыру соттың болашақ қызметін дауға қатысушы тараптардың өзара келісуі бойынша реттеуге мүмкін болатын даулардан босатуға, уақытты, күш пен қаражатты үнемдеуге, сондай-ақ келіссөздер, ымыра және өзара түсіністік жолымен шиеленістерді қақтығыссыз шешу мәдениетіне баулуға бағытталған деп есептейміз.

Қорытынды

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының құқықтық мәртебесінің нормативтік негіздерін талдау нәтижелерін қорытындылай келе, келесі тұйындар мен ұсыныстарды тұжырымдауға болады:

1. ЕАЭО туралы Шарттың 3 бабының 2 тармағында белгіленген «мүше-мемлекеттер Одақтың өз қызметтерін атқаруға жағымды жағдай туғызады және Одақтың өз мақсаттарына жетуіне қатер туғыза алатын шаралардан тартынады» деген норманы, біздің ойымызша, Одақтың қызмет етуінің маңызды қағидаларының бірі ретінде қарастыруға болады.

Мұндай жағдайда ЕАЭО туралы Шарттың 3 бабының 1 тармағында белгіленген Одақтың қызмет етуінің бес негізгі қағидасын ескеретін болсақ, мұндай қағидалар саны алтауға дейін жетеді.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия шешімі Одаққа мүше-мемлекеттердің аумағында тікелей қолданылуға тиіс болатын ЕАЭО-ң жалғыз жоғары органы болып табылады.

3. Талдау жүргізу барысында ЕАЭО туралы Шарттың 6 бабы қайнар көздер тізімін берумен ғана шектелмейтіндігіне, бұл бап құқықтық күшіне сәйкес Одақ құқығын құрайтын актілердің

иерархиясын белгілейтіндігіне назар аудардық. Өртүрлі деңгейдегі актілердің арасында қақтығыстар пайда болған жағдайларда, жоғарырақ деңгейдегі акті төменірек деңгейдегі акті алдында басымдыққа ие болады.

4. Статут нормаларын талдау арқылы Сотта өтініш беруші (талапкер) ретінде ЕАЭО мүше-мемлекеттері де, осы мемлекеттердің немесе кез келген үшінші мемлекеттердің шаруашылық субъектілері де болуы мүмкін екендігін байқадық.

Сонымен қатар, Статут бойынша Соттағы талап-арыздар бойынша жауапкер ретінде тек ЕАЭО мүше-мемлекеттері мен Еуразиялық экономикалық комиссия арқылы Еуразиялық экономикалық одақтың өзі ғана қарастырылуы мүмкін.

5. Дауды қарастырудың сотқа дейінгі сатысынан міндетті түрде өту Еуразиялық экономикалық одақ Сотының басты ерекшеліктерінің бірі деп есептеуге болады.

Әдебиеттер

- 1 Договор о Евразийском экономическом союзе (Астана, 29 мая 2014 года) // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_170264/
- 2 В Астане главы Казахстана, Беларуси и России подписали Договор о создании ЕАЭС // <http://www.zakon.kz/dogovor-astsna-29-may-2014>
- 3 Статут Суда Евразийского экономического союза. Приложение №2 к Договору о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года // <http://courteurasian.org/>
- 4 История Суда Евразийского экономического союза // www.courteurasian.org/main.aspx?guid=22551
- 5 Положение о Евразийской экономической комиссии. Приложение 1 к Договору о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31565795

References

- 1 Dogovor o Evraziyskom ekonomicheskom souze (Astana, 29 maya 2014 goda) // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_170264/
- 2 V Astane glavi Kazakhstana, Belarusi i Rossii podpisali Dogovor o sozdanii EAES // <http://www.zakon.kz/dogovor-astsna-29-may-2014>
- 3 Statut Suda Evraziyskogo ekonomicheskogo souza. Priloghnie №2 k Dogovoru o Evraziyskom ekonomicheskom souze ot 29 maya 2014 goda // <http://courteurasian.org/>
- 4 Istoria Suda Evraziyskogo ekonomicheskogo souza // www.courteurasian.org/main.aspx?guid=22551
- 5 Pologhenie o Evraziyskoy ekonomicheskoe komissii. Priloghnie №1 k Dogovoru o Evraziyskom ekonomicheskom souze ot 29 maya 2014 goda // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31565795

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім Раздел 1 Халықаралық қатынастар Международные отношения

<i>Губайдуллина М.Ш.</i> Путь Германии в ООН: аргументы в пользу реформирования Совета Безопасности	4
<i>Адибаева А.Қ.</i> Конвенция ООН о предупреждении преступления геноцида и наказании за него 1948 года: основные этапы разработки и принятия в рамках органов всемирной организации	16
<i>Аманжолов Ж.М., Ахметов Е.Б.</i> Процесс регионализации в Азиатско-Тихоокеанском регионе: современные геополитические и международно-правовые тенденции.....	26
<i>Issova L.T., Saryeva B.</i> Energy policy of the European Union in Central Asia.....	36
<i>Сарбаева Р.Е.</i> Мировая политика с гендерных позиций: феминистские теории международных отношений	40

2-бөлім Раздел 2 Халықаралық және Международное и мемлекетішілік құқық внутригосударственное право

<i>Айдарбаев С.Ж., Аршабекова А.Б.</i> Еуразиялық экономикалық одақ Соты құқықтық мәртебесінің нормативтік негіздері	46
<i>Сайрамбаева Ж.Т., Аянбаев Е.С.</i> Роль международных конвенций в области регулирования химических веществ (пестицидов) для Республики Казахстан	52
<i>Қурманғали М.Ш., Ильмалиев Ж.Б.</i> Некоторые вопросы пенитенциарного образования в целях ре-социализации осужденных в Республике Казахстан	56
<i>Байжанов М.М., Байназарова Е.Н.</i> Қылмыстық жолмен табылған ақша қаражатын тәркілеудің халықаралық және ұлттық құқықтық қырлары	62
<i>Гилева Н. В.</i> Истечение срока действия как одно из оснований прекращения трудового договора: особенности продления договора с беременными женщинами.....	70
<i>Tanekova M.O., Yerjanov T.K.</i> The legal regulation of social networks in the Republic of Kazakhstan.....	78
<i>Сулейманлы С.А.</i> Коллизионно-правовые вопросы охраны культурного наследия	84
<i>Телеуов Ғ.Б.</i> Энергияның экологиялық құқықтық реттеуде алатын орны мен мәні	92

3-бөлім Раздел 3 Әлемдік экономика мәселелері Вопросы мировой экономики

<i>Махмеджанова Л.Н., Жакупова С.Т.</i> Әлемдік экономика дамуының заманауи үрдістері	102
<i>Елемесов Р.Е., Кабиденев М.А.</i> Қытайдың Орталық Азия өңіріне экономикалық снуі: ахуалы, мәселелері және дамуы	110
<i>Калиева А.Б.</i> Экономический пояс Великого Шелкового пути.....	116